


Бекітемін:   
№ 35 «Балақай» бөбекжай-бақшасының  
менгерушісі м.у.а. Ершуакова А.С.  
Пед. Кеңес №1 хаттамасы  
« 31 » « 08 » 2021 жыл

Вариативтік компонент  
«Ойнайық та, ойлайық»  
(Интеллектуалдық дамыту ойындары)  
Мектепалды даярлық тобы

2021-2022 жыл

## Интеллектуалдық дамыту ойындары

5 жас

### Түсінік хат

**Мақсаты:** Мектепке дейінгі балалардың жас және жеке ерекшелігіне қарай психологиялық, физиологиялық және ақыл-ойының дамуын, танымдық процестерін кеңейтіп қалыптастыру.

#### Міндеттері:

1. Ойын құралы арқылы түрлі заттың жобасын құрастыру;
2. Заттарды түсіне, көлеміне қарай сәйкестендіру, топтау, жинақтау;
3. Ұстап, көріп, сезу арқылы затты тану, құрастыру;
4. Баланың жеке дамуын және өзіндік көзқарасын дамыту;
5. Пікірлесу арқылы, тіл дамыту, ұжымдық бірлестікке тәрбиелеу.

#### Мазмұны:

1. Түрлі-түсті бөлшектер

Түрлі-түсті бөлшектер арқылы әр түрлі пішіндерді, айнала қоршаған заттарды, жануарларды, көліктерді, кесенелерді құрастыра білуді үйрету. Бөлшектердің түстерін, пішіндерін ажырату және бірдей бөлшектерді сәйкестендіру, қажетіне қарай бөлшектерді таңдай алуды үйрету.

2. 3D үшбұрыш

Түрлі-түсті үшбұрыштарды ң түсін ажырату, түрлі пішіндер жасай білуін, жануарлар, кесенелер, өрнектер құрастыруға, үлгіге сәйкес таңдай алуға, тиісті орнын табуға үйрету.

3. Ақылды текшелер

Карточкалар арқылы оларда жасырынған түрлі заттарды анықтау, суреттер туралы қысқаша әңгімелеу, текшелер арқылы түрлі заттарды құрастыруға, сәйкестендіруге үйрету. Үсті-асты, ортасы ұғымдарының мағынасын түсіндіру. Заттарды санына қарай сәйкестендіруді үйрету.

4. Көбелектер

Бұл тапсырмада балалар, түстерді ажыратады, сәйкестендіреді, санауды үйренеді, есте сақтау, ойлау процестері дамиды.

5. Сәулетші

Тақтайшаларды үлгі бойынша жинау, , санау, құрастыруды үйрету және әңгімелеу арқылы тілдері дамиды.

6. Көркем өрнек

Бөлшектерді түстері, бағыты бойынша орналастырып , түрлі өрнектер құрастыру. Шығармашылықтарын дамыту.

7. Таяқшалар

Түрлі-түсті таяқшалардың түстері мен өлшемдері арқылы әр түрлі пішіндер, заттарды құрастырып үйрету.

8. Тез тап

Берілген карточкалардағы суретке қарап, жануарлардың орнын ойын алаңынан табу арқылы, балалардың танымын кеңейтіп, зейінін шоғырландыру процестерін дамыту.

9. Пішіндер

Түрлі-түсті бөлшек пішіндерден бүтін пішіндер құрастыру, санау, орындарын анықтау, құрастыру және оларды атау.

10. Жол бағдар

Нұсқаулықты пайдалана отырып, түрлі-түсті белгілер арқылы жолдарды құрастыру, белгілерді анықтап айту.

Интеллектуалдық дамыту ойыны баланың ұқыптылығын, мұқияттылығын, икемділігін қалыптастырады. Сонымен қатар, талдау, жоспар құру, шешім қабылдау, заттарды реттестіру, санау, логикалық байланыс орнату, сәйкестендіру және есептей білу әрекеттері жүзеге асырылады.

| Өтпелі ай тақырыбы            | Апта тақырыбы                           | Ойнайық та, ойлайық!<br>Тақырыбы:                                                                          | Мақсаты:                                                                                                                                                                                     |
|-------------------------------|-----------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>«Балабақша»</b>            | «Менің балабақшам».                     | Түрлі-түсті бөлшектер<br>Ойын: «Түрлі-түсті бөлшектер»<br>(жеке ойын)<br>«Сүйікті балабақшам»<br>құрастыру | Балаларды түрлі-түсті бөлшектермен таныстыру.<br>Бөлшектердің түстерін, пішіндерін ажыратуды,<br>орналасу реттерін үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға<br>тәрбиелеу.                                |
|                               | «Менің достарым»                        | 3D үшбұрыш<br>Ойын. «Түрлі-түсті<br>үшбұрыштардан гүл құрастыру»<br>«Достарыма гүл сыйлаймын!»             | Балаларға түрлі-түсті үшбұрыштардан гүл<br>құрастыруды үйрету. Қажеттісін түсіне қарай таңдай<br>білуге және тиісті орнын табуға үйрету.                                                     |
|                               | «Менің сүйікті ойыншығым»               | Ақылды текшелер<br>Ойын: «Жануарлар мен<br>көліктер» (топтық ойын)                                         | Балаларға карточкалардағы суреттердің арасынан<br>жасырынған көліктер мен жануарларды табуға үйрету.<br>Зейін процестерін дамыту. Ойыншықтаарды ұқыпты<br>пайдалануға тәрбиелеу.             |
|                               | «Жиһаздар»                              | Сәулетші<br>Ойын: «Кереге» (топтық ойын)                                                                   | Балаларға кереге туралы түсінік беру. Тақтайшаларды<br>жинақтап, кереге құрастырып үйрету және жасаған<br>жұмыс туралы әңгімелеуге тәрбиелеу.                                                |
| <b>«Менің отбасым»</b>        | «Менің отбасым, ата –<br>аналар еңбегі» | Көбелектер<br>Ойын: «Түрлі-түсті көбелек»<br>(топтық ойын)                                                 | Балаларға түстерді ажыратуға, бірдей түстерді<br>сәйкестендіруге үйрету. Санау дағдыларын дамыту.<br>Уақытты үнемді пайдалануға тәрбиелеу.                                                   |
|                               | «Менің көшем»                           | Түрлі-түсті бөлшектер<br>Ойын: «Алты қабатты<br>мұнара»(жеке ойын)                                         | Түрлі-түсті бөлшектерді тігінен орналастыру арқылы<br>мұнара құрастыруды үйрету. Тігінен, көлденеңінен<br>сөздерінің мағынасын түсіндіру. Түстерін және санын<br>ажырата білуге тәрбиелеу.   |
|                               | «Үйдегі және көшедегі<br>қауіпсіздік»   | Ақылды текшелер<br>Ойын: «Су асты<br>қайығы»(топтық ойын)                                                  | Текшелердің арасынан су асты қайығын құрайтын<br>бөлшектерді табуды және орналасу ретін білуді<br>үйрету. Балалардың зейінін дамыту, жасаған<br>жұмыстарына сипаттама беруге тәрбиелеу.      |
|                               | «Алтын күз»                             | Таяқшалар<br>Ойын: «Әдемі өрнек» (жеке<br>ойын)                                                            | Балаларға таяқшаларды түстеріне, санына, көлеміне<br>қарай таңдай білуді, үлгіге қарай өрнек құрастыруды<br>үйрету. Логикалық ойлау процестерін дамыту.<br>Ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| <b>«Дені саудың жаны сау»</b> | «Өзім туралы»                           | Көбелектер<br>Ойын: «Көбелекті<br>сәйкестендірейік» (топтық ойын)                                          | Бір түсті көбелектердің түрі мен өрнектеріне қарай<br>ажыратып, оларды түрлі-түсті көбелектердің арасынан                                                                                    |

|                            |                                                                   |                                                                       |                                                                                                                                                             |
|----------------------------|-------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                            |                                                                   |                                                                       | тауып сәйкестендіруді үйрету. Аңғарымпаздыққа, зейінділікке тәрбиелеу.                                                                                      |
|                            | «Дұрыс тамақтану»                                                 | Сәулетші<br>Ойын: «Тіктөртбұрыштар»<br>(топтық ойын)                  | Балаларға үлгіге сәйкес тақтайшаларды қырымен қою арқылы, түрлі тіктөртбұрыштар құрастыруды үйрету. Қабылдау, есте сақтау процестерін дамыту.               |
|                            | «Өзіңе және өзгелерге көмектес»                                   | Ақылды текшелер<br>Ойын: «Түймелер» (топтық ойын)                     | Тізбектерді жалғастыруға керекті текшелерді таңдауды, текшелердегі түйме сандарын сәйкестендіріп, тізбекті жалғастыруды үйрету.                             |
|                            | «Біз күштіміз, ептіміз»                                           | Ақылды текшелер<br>Ойын: «Кәмпит пен саусақтарды санау» (топтық ойын) | Домино ойынының тізбегі бойынша кәмпит түстерін ажыратып, саусақтардың санын санауға және тізбекті жалғастыруға үйрету.                                     |
| <b>«Менің Қазақстаным»</b> | «Тарихқа саяхат»                                                  | Түрлі-түсті бөлшектер<br>Ойын: «Робот» (жеке ойын)                    | Үлгі бойынша берілген бөлшектердің түсі мен санына қарай топтауды, бөлшектерді тігінен қою арқылы құрастыруға үйрету.                                       |
|                            | «Туған өлкем»                                                     | Ақылды текшелер<br>Ойын: «Алмаларды сәйкестендіру» (топтық ойын)      | Домино ережесі бойынша алмаларды санау арқылы тізбектерді жалғастыруға үйрету. Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.                                            |
|                            | «Нұр – Сұлтан-Отанымыздың жүрегі»                                 | Көбелектер<br>Ойын: «Сәйкес көбелектерді табу» (топтық ойын)          | Топтасып тұрған көбелектердің арасынан үш түсті көбелекті табуға үйрету. Санау, зейін процестерін дамыту.                                                   |
|                            | «Тәуелсіз Қазақстан (ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер)» | Сәулетші<br>Ойын: «Еден» (топтық ойын)                                | Балаларға көлденең, тігінен қою сөздерінің мағынасын түсіндіру.ойлау, зейін процестерін дамыту. Ұжымдық жұмыста балаларды достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |
| <b>«Табиғат әлемі»</b>     | «Айналамыздағы өсімдіктер»                                        | Таяқшалар<br>Ойын: «Үшбұрыштар шоғыры»<br>(жеке ойын)                 | Балаларды ұзын-қысқа ұғымдарымен таныстырып, мағынасын түсіндіру. Түрлі өлшемдегі үшбұрыштар тобын құрастыруға үйрету. Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.           |
|                            | «Жануарлар әлемі»                                                 | Көбелектер<br>Ойын: «Көбелек пен төртбұрыш» (топтық ойын)             | Балалардың зейінінің шоғырлануын қадағалау. Карточкада берілген белгілеріне сай көбелекті табу. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.                                     |
|                            | «Құстар – біздің досымыз»                                         | Тез тап<br>Ойын: «Жануарлар» (топтық ойын)                            | Балалардың зейінділігін дамыту. Берілген суреттер арқылы жануарларды ойын алаңынан табуға үйрету.                                                           |

|                               |                                              |                                                       |                                                                                                                                                                                                                        |
|-------------------------------|----------------------------------------------|-------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                               | «Ғажайып қыс»                                | Көркем өрнек<br>Ойын: «Көркем өрнек» (жеке ойын)      | Түрлі-түсті бөлшектер арқылы сәйкес келетін орны мен бағытын анықтап, үлгідегі суретті құрастыруды үйрету. Зейінділікке тәрбиелеу.                                                                                     |
| <b>«Бізді қоршаған әлем»</b>  | «Ғажайыптар әлемі» (өлі табиғат құбылыстары) | Сәулетші<br>Ойын: «Сауда үйі» (топтық ойын)           | Тақтайшалардың бағыттары бойынша тігінен, қырынан орналастыру арқылы сауда үйін құрастыруды үйрету. Ұжымдық жұмыс кезінде ұйымшылдыққа тәрбиелеу.                                                                      |
|                               | «Көліктер»                                   | Ақылды текшелер<br>Ойын: «Жол сызбасы» (топтық ойын)  | Үлгі бойынша жол сызбаларын текшелер арқылы құрастыруды үйрету. Балалардың зейінін дамыту.                                                                                                                             |
|                               | «Электроника әлемі».                         | Пішіндер<br>Ойын: «Пішін құрастыру» (жеке ойын)       | Бүтін, бөлшек ұғымдарын түсіндіру. Түрлі түсті пішіндерден бүтін бөлшектерді құрастыруды үйрету. Жеке жұмыс барысында балалардың бір-біріне кедергі келтірмеуге тәрбиелеу.                                             |
|                               | «Мамандықтың бәрі жақсы»                     | Көркем өрнек<br>Ойын: «Кілем құрастыру» (жеке ойын)   | Бөлшектердің орны мен бағытын анықтап топтастыру арқылы кілемше құрастырып үйрету. Түстерді ажыратып, аңғарымпаздаққа тәрбиелеу.                                                                                       |
| <b>«Салттар мен фольклор»</b> | «Қазақ халқының салттары мен дәстүрлері»     | Тез тап<br>Ойын: «Тез тап» (топтық ойын)              | Балалардың танымын кеңейтіп, зейіндерін шоғырландыру. Үлгідегі суреттерді ажырату арқылы жануарлардың азығын, мекенін, көлеңкесін және сәйкесін табуға үйрету. Ұйымшылдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.               |
|                               | «Ертегілер елінде. Театр әлемі»              | Сәулетші<br>Ойын: «Түймедақ гүлі» (жеке ойын)         | Тақтайшаларды топтастырып алып, қырымен қою арқылы гүл құрастыруды үйрету. Жасаған жұмыстары туралы әңгімелеуге тәрбиелеу.                                                                                             |
|                               | «Өнер көзі -халықта».                        | Ақылды текшелер<br>Ойын: «Кәмпиттер» (топтық ойын)    | Балаларға текшелердегі кәмпиттердің өзара сәйкестілігін бетіндегі дөңгелектердің санына қарай ажыратып, келесі текшені сол санына қарай сәйкестендіруге үйрету. Тәртіптілікті сақтап, ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу. |
|                               | «Нұр төккен, гүл көктем»                     | Көркем өрнек<br>Ойын: «Түрлі түсті өрнек» (жеке ойын) | Балаларға түстерді және пішіндерді ажыратуға үйрету. Бөлшектерді түстеріне қарай сәйкестендіріп, әдемі өрнек құру. Жеке жұмыс барысында бір-біріне кедергі келтірмеуге тәрбиелеу.                                      |

|                                   |                                                                |                                                            |                                                                                                                                                                             |
|-----------------------------------|----------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>«Біз еңбекқор<br/>баламыз»</b> | «Аялайық гүлдерді »                                            | Пішіндер<br>Ойын: «Сырғанақ» (жеке ойын)                   | Үлгі бойынша қажетті бөлшектерді анықтау арқылы біртұтас пішін құрастыруға үйрету. Сығанақтың қандай пішіндерден құралғанын анықтауға үйрету.                               |
|                                   | «Ас атасы – нан »                                              | 3D үшбұрыш<br>Ойын: «Пішін құрастыру» (жеке ойын)          | Түрлі түсті үшбұрыштардан пішіндер құрастыруға, түстерімен сәйкестендіруге үйрету. Ұқсас бөліктерді сипаттатып үйрету.                                                      |
|                                   | «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»                            | Жол бағдар<br>Ойын: «Жол бағдар» (топтық ойын)             | Түрлі түсті белгілерді жолмен байланыстырып, құрастырып үйрету. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу.                                                                                     |
|                                   | «Еңбек бәрін жеңбек»                                           | Ақылды текшелер<br>Ойын: «Түрлі түсті пішін» (топтық ойын) | Текшелердің түрлі түсті пішіні бар бетін пішіндердің саны бойынша сәйкестендіруге үйрету. Заттардың алма ағашқа орналасуы бойынша сәйкестендіру.                            |
| <b>«Әрқашан<br/>күн сөнбесін»</b> | «Достық –біздің тірегіміз»<br>(халықтар достығы)               | Жол бағдар<br>Ойын: «Жол белгілері» (топтық ойын)          | Нұсқаулық бойынша белгілерді жолмен байланыстыруды үйрету. Жол белгілері бойынша жол ережесімен таныстыру.                                                                  |
|                                   | «Отан қорғаушылар» (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері) | Сәулетші<br>Ойын: «Ең биік ғимарат» (топтық ойын)          | Тақтайшаларды іртүрлі тәсілде пайдалану арқылы ғимарат құрастырып үйрету. Құрастырған ғимараттың бөліктерін санату арқылы танымын дамыту.                                   |
|                                   | «Көңілді жаз»<br>Өткенді қайталау                              | 3D үшбұрыш<br>Ойын: «Әсем гүл» (жеке ойын)                 | Пішінді құрастыруға қажетті үшбұрыштарды таңдап алуға, үшбұрыштардың бүйірлерін бір бірімен сәйкестендіруге үйрету. Ұйымшыл болуға тәрбиелеу.                               |
|                                   | «Мен жасай аламын»<br>Балалар білімін қортындылау              | Тез тап<br>Ойын: «Мен жеңімпазбын» (топтық ойын)           | Әр түрлі үлгілерді пайдаланып, алдыңғы ойын шарттары бойынша ойынды жалғастыру. Картадағы суретті ойын алаңынан іздеп табуға үйрету. Ұйымшылдықпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. |

